

ФИЛОСОФСКИЕ НАУКИ

УДК 392.12(=512.122)

DOI 10.33514/ВК-1694-7711-2021-2(2)-94-102

**Орман М.М., Жаппаркулова А.А.**

"Казнаб билим берүү" ЖШС, илимий консультант, Шымкент, Казакстан  
Филология илимдеринин кандидаты, тил жана адабият кафедрасы, ага окутуучу,  
М. О. Ауэзов атындагы Түштүк Казакстан мамлекеттик университети, Шымкент, Казакстан

**Орман М.М., Жаппаркулова А.А.**

Научный консультант ТОО «Казнабобразование», Шымкент, Казахстан,  
Кандидат филологических наук, старший преподаватель, кафедра языка и литературы,  
Южно-Казахстанский государственный университет имени М. О. Ауэзова, Шымкент,  
Казахстан

**Madina Orman, Anar Zhapparkulova**

Scientific consultant of Kazsnaboobrazovanie LLP, Shymkent, Kazakhstan  
Candidate of Philological Sciences, Senior Lecturer, Department of Language and Literature,  
M. O. Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan

**КАЗАК БААТЫР ЭПОСТОРУНДА БАЛАНЫН ТӨРӨЛҮШҮ МЕНЕН  
БАЙЛАНЫШКАН ТҮШҮНҮКТӨР, АЛАРДЫН КӨРКӨМ ОБРАЗДЫ ТҮЗҮҮДӨГҮ  
РОЛУ**

**ПОНЯТИЯ СВЯЗАННЫЕ С РОЖДЕНИЕМ РЕБЕНКА В КАЗАХСКИХ  
ГЕРОИЧЕСКИХ ЭПОСАХ, ИХ РОЛЬ В СОЗДАНИИ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ОБРАЗА  
КАЗАК БАТЫРЛЫҚ ЭПОСТАРЫНДА БАЛА ТУУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ҰҒЫМДАР,  
ОЛАРДЫҢ КӨРКЕМ ОБРАЗ ЖАСАУДАҒЫ РӨЛІ  
CONCEPTS RELATED TO THE BIRTH OF A CHILD IN KAZAKH HEROIC EPICS  
AND THEIR ROLE IN CREATING A LITERARY IMAGE**

**Аннотация:** Бул макалада баатырдык эпостордун, ишенимдердин жана баланын төрөлүшүнө байланыштуу каада-салттардын жанрдык өзгөчөлүктөрү каралат. Кош бойлуу аялдын (жерик) баатырдын көркөм образын жаратуудагы ролу талданат. Баатырдык эпос жомокторго салыштырмалуу баатырдын төрөлүшүн өзгөчө сүрөттөйт. Башкы каарман каармандын өзгөчө мүнөзүн көрсөтүү үчүн адаттан тыш түрдө сүрөттөлөт. Эпикалык баатырдын сонун төрөлүшү баатыр эпостордун негизги өзгөчөлүгү деп эсептелет. Керемет төрөлүүнүн мотивинде элдин этникалык өзгөчөлүгү, ар кандай сыйынуу жана ырым-жырым салттары чагылдырылган. Алардын жанрдык мүнөзү жана көркөм образды жаратуудагы ролу макаланын негизги темасы. Бул тема эпостун көркөм-поэтикалык жагына байланыштуу. Макала кош бойлуу аялдын сейрек кездешүүчү жапайы жырткычтын (жерик) эти сыяктуу өзгөчө бир нерсени жегенге аргасыз болгон аңчылыктын ролун ачууга багытталган. Бул баатырдын өзгөчө төрөлүшүнө байланыштуу каралат.

**Аннотация:** В данной статье рассматриваются жанровые особенности героических эпосов, верований и ритуальных традиций, связанных с рождением ребенка (батыр). Анализируются роль привередливости беременной женщины (жерик) в создании художественного образа героя. Героический эпос по-особенному описывает рождение героя по сравнению со сказками. Главный герой изображается необычным образом, чтобы показать неповторимый характер героя. Чудесное рождение эпического героя считается главной чертой героических эпосов. В мотиве чудесного рождения отражается этническая особенность народа, различные культовые и ритуальные традиции. Их жанровый характер и роль в создании художественного образа - главная тема статьи. Эта тема связана с художественно-поэтическим аспектом эпоса. Статья направлена на раскрытие роли непреодолимой охоты беременной женщины съесть чего-то особенного, например мясо редкого дикого зверя (жерик). Он рассматривается в связи с особым рождением героя.

**Аннотация:** Бұл мақалада батырлық эпостардың жанрлық ерекшеліктері, бала (батыр) тууына байланысты наным-сенімдер мен салттық дәстүрлер қарастырылады. Кейіпкердің көркем бейнесін жасаудағы жүкті әйелдің (жерик) ұқыптылығының рөлі талданады. Батырлық эпос ертегілермен салыстырғанда кейіпкердің туылуын ерекше сипаттайды. Басты кейіпкер кейіпкердің қайталанбас мінезін көрсету үшін ерекше түрде бейнеленген. Эпикалық кейіпкердің керемет туылуы батырлық эпостардың басты ерекшелігі болып саналады. Керемет туудың мотивінде халықтың этникалық ерекшелігі, әртүрлі діни және салттық дәстүрлер көрінеді. Олардың жанрлық сипаты мен көркем образ жасаудағы рөлі - мақаланың басты тақырыбы. Бұл тақырып эпостың көркемдік және поэтикалық аспектісімен байланысты. Мақала жүкті әйелдің сирек кездесетін жабайы аңның (жерик) еті сияқты ерекше нәрсені жеуге болатын аң аулауының рөлін ашуға бағытталған. Ол кейіпкердің ерекше туылуына байланысты қарастырылады.

**Annotation:** This article discusses the genre features of heroic epics, beliefs and ritual traditions associated with the birth of a child (batyr). The role of fastidiousness of a pregnant woman (zherik) in creating an artistic image of the hero is analyzed. The heroic epic describes the birth of a hero in a special way compared to fairy tales. The main character is depicted in an unusual way to show the unique character of the hero. The miraculous birth of an epic hero is considered as the main feature of heroic epics. The motif of a miraculous birth reflects the ethnic peculiarity of the people, various cult and ritual traditions. Their genre character and role in creating a literary image is the main theme of the article. This theme is connected with the artistic and poetic aspect of the epic. The article is aimed at revealing the role of the irresistible desire of a pregnant woman to eat something special, for example, the meat of a rare wild beast (zherik). It is considered in connection with the special birth of the hero.

**Негизги сөздөр:** жоокер көчмөндөр, кош бойлуулук, кош бойлуу аялдын тандалышы (жорик), толгоо, баатырдын төрөлүшү, көркөм сүрөт, жанрдык өзгөчөлүктөр.

**Ключевые слова:** кочевники-воины, беременность, привередливость беременной женщины (жерик), родовые схватки, рождение героя, художественный образ, жанровая специфика.

**Түйінді сөздөр:** көшпенділер-жауынгерлер, жүктілік, жүкті әйелдің ұқыптылығы (жорик), босану, батырдың туылуы, көркем образ, жанрлық ерекшелік.

**Key words:** nomadic warriors, pregnancy, fastidiousness of a pregnant woman (zherik), labor pains, birth of a hero, literary image, genre specificity

Көшпелі рулық қоғам қаншама ғасырлар бойы өмір сүрді. Ол бір әлеуметтік қатардан екіншісіне ауысып, өзгеріп, әртүрлі жағдайларға бейімделіп отырды. Сонда да өзінің негізгі мәнін жоғалтқан жоқ. Көшпелілік өркениеті қалыптасқан көне тарихи кезеңдердегі (өлген адамды о дүниеге шығарып салуға байланысты діни дүниетанымға негізделген ырымдық-жоралық дәстүрлер тізбегі жаңа тарихи заманға дейін келіп жеткен. Далалықтар өркениетін этномәдени тұрғыдан пайымдауға шақырған В.В.Радлов болатын. «У этих степных кочевников очень своеобразная цивилизация и потому они заслуживают особого рассмотрения, просто мы имеем дело со цивилизации противоположной культуре эпохи оседлых народов. И нужно смотреть на их поступки с другой точки зрения» [1,249]

Көшпеліліктің мәні рудың мүддесін қорғауға негізделген десек, оның басты жолы соғыс еді. Ғасырлар тәжірибесі түркілерден нағыз жауынгер дайындап шығарды. Көшпелі жауынгер-түркілер ділінің ажырамас бөлігі болды. Олар адамның бойындағы жауынгерлік қажыр-қайрат, айбынды ерекше бағалады. Соғыс адамдардың өміріне, тұрмысына ғана емес, олардың мінез құлқына да әсер етті. Түркі жауынгерлерінің табандылығы, жауларына мейірімсіздіктері жайлы деректер аз емес. «Даштинцы-отчаянные головы-говоритцы в одном древнем сказании, - в бою бесстрашны; они являются, подобно волкам, одетым все в шкуры, с лицами, подобно коже на щитах, съезженными и полными морщин, с глазами, которых не видно из - за складок бровей.» [2,294]

Қаһармандық эпоста соғыс былайша суреттеледі:

Біреуді біреу білмеді,

Біреуді біреу көрмеді

Аспаннан түскен нұрдай боп.

Есепсіз қалмақ қырылды

Жабысқан будан удай боп,

Майданнан аққан қызыл қан

Сарқырап ақты судай боп.

Ол уақытта еш соғыс

Өткен емес мұндай боп. [3,210]

Ал сол көшпелі қоғамдағы ер адамдардың негізгі міндеті олардың әскери борышы болған.

Басты идеясы өзінің отанын басқыншы жаулардан қорғау болған батырлық жырлардағы негізгі кейіпкер жаудың көптігіне, басымдығына бой бермей, кез-келген қиындықтан, аман шығып, халқы, ел-жұртының алдында үнемі мерейі үстем болады. «Қазақтың эпостары ертелі-кешті халқымыздың басынан өткізген әлеуметтік-тарихи жағдай мен тарихи оқиғалардың, тарихта болған адамдардың ерлік істерін, елдің елдік салтын, әдет-ғұрпын, рухани күшін көркемдеп, идеалдандырып бейнелейтін құнды өнердің біріне айналғанын айту керек. Қазақтың эпостарында оқиға, іс-амалдар басты қаһармандардың айналасында болады да, басқалар сол негізгі қаһармандардың ерлігін, отансүйгіштігін немесе басқа психологиялық жақтарын толықтыру үшін, кейде поэтикалық контраст ретінде көрсетіледі» [4,13]

Көне-эпостың ерте замандарда адамзат баласы қоршаған табиғат ортасының беймәлім құпияларын түсінбеген кезеңдерінде жанды деп ұққан табиғат құбылыстарынан құтқарар ғажайып күшке ие ерекше адамның дүниеге келуін қалаудан туып, оның көркем жалғасы

батырлық жырлардың жау құрығынан қорғар ер жүрек, шексіз батырдың бейнесін жасауды көксеген асыл мұратымен астасып кеткенге ұқсайды. Батырдың жыл санап емес, ай санап өсуі және ерекше ер жетіп, таңғажайып қасиеттерге ие болуы оның биік мұраттан туғандығын дәлелдейді. Жалпы батырдың атадан жалғыз туып, жалғыз жүруінің өзі: халықтың оны құдайлар бейнесіне жақындатуының көрінісі болып табылады. Әулиелер, киелі күш иелері, пірлер, ата-баба аруақтарының үнемі батырдың қасынан табылып, оны қолдап, қорғап жүруі де сондықтан болса керек.

Ал батырдың туылғанға дейінгі кезеңдегі оның ерекше қасиеттермен туылатындығынан хабар беретін жағдайлардың бірі оның ата-анасының әртүрлі әулие-әнбиелерге барып, жалбарынуы болып табылады. Аталмыш мотив дүниеге келетін болашақ батырдың көркем бейнесінің жасалуының алғышарттары. Және бұл қаһармандық эпостың жанрлық ерекшелігін анықтайтын бірден-бір белгі. Мұның батырлық ертегілер мен қаһармандық жырларға тән екендігін В.М.Жирмунский айтқан: «В богатырской сказке и в более позднем героическом эпосе народов Средней Азии почти универсальное распространение имеет зачин, рассказывающий о бездетных, уже состарившихся родителях, которые вымаливают у бога или какого-нибудь чудесного покровителя долгожданного наследника – будущего героя эпического повествования.» деген. [5,163]

Құрбандық шалу мен қасиетті дұға қылудың нәтижесінде әйел бала туу мүмкіндігіне ие болады. Нәтижесінде «Ішін жараттым қара шойыннан, сыртын жараттым болат темірден, атса мылтық өтпейді, шапса қылыш кеспейді, суға салса батпайды, бұған қас қылған ешбір мұратқа жетпейді» бейнесіндегі батыр дүниеге келеді. [4,67]

Алайда батыр дүниеге келгенге дейін оның образын ерекшелейтін басқа да жағдайлар болады. Соның бірі, әйел жүкті болғаннан кейінгі жеріктік жайы.

Қазақтар жеріктікке ерекше маңыз берген. Оның қаһармандық эпостағы көрінуі және рөлі жайында белгілі фольклортанушы Б.Әзібаева келесідей пікір айтқан: «...речь идет о так называемой «симпатической магии», то есть о древних представлениях о том, что при съедании матерью мяса дикого животного (как правило, это тигр, лев, дикий кабан, айдахар и т.д.), ее ребенку, которым она беременна, передадутся его свойства и он непременно вырастет, подобно, например, льву и тигру, грозным, энергичным, неустрашимым, бесстрашным. То есть символами бесстрашия и мужества становятся такие родовые свойства представителей семейства тигриных, как ярость, сила, непобедимость и неустрашимость их.» [6,164]

Жүкті әйелдің тілегін міндетті түрде орындау керек деп білген, себебі жүктілік уақытысында әйелдің жеген тамағы баланың жынысына, оның физикалық артықшылығына, тіпті оның болашақ мінез-құлқына да әсер етеді деп білген. Егер жүкті әйел жабайы жануардың етіне жерік болса, болашақ нәресте ұл бала болады, ал әйел тәттіге құмартса, қыз бала дүниеге келеді деп, егер де әйелдің қалауы орындалмаса, бала қалыпты дамымайды деп білген. Жүктіліктің алғашқы айларында түйе етін жеуге қатаң тыйым салған. Сондай ақ, қоянның етін жесе бала қоян жырық болып туылады деген түсінік болған. Олай болса, бұл нанымның батырлық жырдан орын алуы жайдан-жай емес. Оның болашақ батырдың образын жасаудағы рөлі айрықша. Алпамыс батыр жырынан мынадай үзінді келтіруге болады:

Байға айтты: «Ер едің,  
Ерім, сенен тілегім:

Тойғанымша жер едім,  
Тауып берсей қабланды!» [3,160]

Жерік болған жануар етінің түріне қарай болашақ сәбидің қабілетін білуге болатын. Қобыландының анасы күдіретті күштің белгісі жолбарыстың етіне жерік болған. Ол - ептіліктің, еркекке тән көріктіліктің белгісі танылған.

Анасының жеріктігін баяндау жырда туылар баланың жаратылысын ерекшелеуде мәні зор болып табылады. Жеріктік жүктіліктің бірінші және маңызды белгісі болғандықтан, батырлық жырда оған аса назар аударған.

Ескі сенімдерден хабар беретін жеріктікке байланысты оқиғалар жырлардың көпшілігінде ұшырасады. Ол кейіпкердің ғажайып туу сарынында орын алады. Жерік болу сарыны туралы С.Қасқабасов: «Патриархат қоғамының күшейген тұсында... болашақ батырдың тууын әйелдің бұрынғы тайпалық тотеммен жақындасуымен байланыстырмайды. Ол патриархаттық түсінікке қайшы, сондықтан қаһарманның кереметтігін түсіндіре алмайды... Оның тууы керемет емес, ол ғайыптан тумайды. Оның әкесі адам, ал керемет болуы анасының тотемдік қасиеттерді бойына сіңіруінен... Патриархалдық рудың шарықтаған тұсында бұрынғы тотем-бабаларды аталар аруағы ығыстыра бастайды» [7,252] деп жазған. Қалай болғанда да әйелдің бала көтеріп жүрген уақытысындағы бойына ас сіңбей құсып, қандай да бір тағамға көңілі шабатын жағдай жеріктік деп аталып, жүктіліктің бір белгісі болып саналатындығын, оның іштегі баланың өсіп, қалыптасуына, мінез-құлқына әсер етеді деген ұғым болып қалыптасып кеткендігін білеміз. Ал батырлық жырларда болашақ батырдың анасының жерік болған асының ерекше жануардың еті, басы, жүрегі болуы, оның зор қиындықпен табылуы эпикалық дәстүрге орай әсірелеу деп білеміз.

«Қобыланды батырдың» Н.Битілеуов нұсқасында батырдың ерекше қасиеттері анасы айдаһардың басы мен жүрегіне жерік болғанымен байланыстырылады. Қобыландының қалмақпен соғыстағы барлық ерлігіне осылайша түсінік беріледі. Ол былайша жырланады:

Дастарханын жаяды,  
Айдаһардың басымен,  
Жүрегімен қосулы,  
Тәрелкеге салады.  
Қызылын жерге ағызбай,  
Тамшысын жерге тамызбай,  
Бөрідей асап қабады.  
Тіс құмары қансын деп,  
Айдаһардың сүйегін  
Ауызға салып шайнады... [8,217]

Мұнда әйелдің жеріктігінің күштілігі әдемі суреттеледі. Әйелдің айдаһардың бас еті мен жүрегі толық піспеген күйі асығыс асап жеп, құмарын қандыруын бөрінің жесімен салыстыру арқылы өте шебер берілген. Бұлайша, яғни әйелдің жеріктігінің шыдатып тұрғызбас қатты болуы арқылы туылар баланың да адам баласы төтеп бере алмас күш иесі боларынан хабар береді. Сондай-ақ, жай жануар емес, айдаһардың, онда да басқа мүшесі емес, басы мен жүрегінің аталуы да ерекшелеуді үстемелей түседі.

«Қалай болғанда да, болашақ батырдың тууы бір ғаламат жағдаймен тұстас келеді. Бұның өзі жаңа туып жатқан сәбидің осал еместігін, оның келешекте керемет адам

болатынын көрсетеді» Яғни, бұл типтес эпизодтардың мақсаты мен қызметі айтпаса да белгілі. [7,260]

Сонымен бірге жерік болған жануарды тауып ұстау оңайға соқпайды дедік. «Алпамыс батыр» жырының бір нұсқасында Айтолқынның жерігі айтылғанда ол жасарып, құлпырды делінеді. Жай емес, құтырған қасқырдың талағына аңсары ауып, шалынан қалауын тауып келуін талап етеді. Көзі қанталаған, құр жалы бар құтырған қасқырды тауып, атып алу шалға оңай болмағандығы да маңыз беріле айтылады. «Шала-шарпы пісіріп, кемпірдің енді жеп еді, жерігі соған қанады. [4,116-117]

Осылайша жеріктік ұғымы өзіндік сипатынан асыра суреттеледі.

«Шора батыр» жырында жолбарыстың жүрегіне жерік болған Құлқаныстың қалауын орындау Нәрікке оңайға соқпайды. Онда:

Жерігі әбден қанған соң,

Жұртқа тұлға болғандай

Туады анаң бір батыр. [9,222] деп дүниеге жай адам емес, батырдың келгендігі жеріктікке қатыстырылып айтылады. Жеріктік ұғымы қаһармандық жырмен идеясы ұқсас тарихи жырларда да негізгі кейіпкердің бейнесін жасауға зор үлес қосқан. Туылар баланың батыр болатындығын тікелей жеріктікке байланыстыру «Жәнібек батыр» тарихи жырында көркем беріледі. Ол туралы Жәнібектің әкесі Қошқарға қатысты, айтылады. Яғни, әкесінің де өзінің де елден ерек, ержүрек батыр болатыны дүниеге келмей тұрған кезде-ақ белгілі болады. Қошқардың әкесі Шақшақ баласына қалмақтың қызы Қарашашты әйелдікке алып береді. Қарашаш жүкті болғанда қорасындағы алтын мүйізді қошқардың етіне жерік болады. Соның етін жеп қана жерігін қандырады. Сол аралықта ол өз еліне қашып кетуге әрекет жасайды. Екінші рет қашпақ болғанында оны қайнысы ұстап алып, өлтірмек болғанда, Қарашаш өзін ғана емес, болашақта еліне қамқор, жеріне қорған болатын ішіндегі нәрестені де өлтіретінін айтады. Халқына тұтқа болар бала өлсе, өз елінің, яғни қалмақтардың бұларды қиындықсыз қыратынын ескертеді. Себебі дүниеге келер бала қошқардың етіне жерік болудың нәтижесінде пайда болған батыр тұлғалы алып адам деп, «Егер мұны өз еліме алып барсам, түбінде қазақтан кек алатын батыр болып ер жетер еді», -деп ойлап алып қашқан едім. Шын сырым осы, енді өлтіре бер» -деді.

Мұнда жеріктіктің қасиетіне шүбәсіз сену, сонымен қоса, жай емес, алтын мүйізді қошқардың етіне жерік болуды іштегі баланың зор мүмкіндікке ие ерекше жан болып туылуына ешбір күмәнсіз тікелей қатыстыру байқалады. Және қайнысы Жүзей де оған қалтқысыз сеніп, жеңгесін еліне аман алып келеді.

Бала туылғаннан кейін есімін қоярда да бұл жағдай ескеріліп, Қошқар аталады. Маңыздысы, сол сенім ақталып, шын мәнінде Қошқар атасы Шақшақ сияқты елеулі батыр, беделді би болады. Кейін Қошқардың әйелі жүкті болғанда ол қара бураның етін қалап жейді. Соның нәтижесінде Жәнібек сынды алып тұлға туылады деп жырланады. «Тотем баба болып көп жағдайда күшті хайуан, сұлу аң, ерекше жануарлар саналған. Негізінде ру тайпаның мекен еткен жерінде болатын аңдар мен жәндіктер. Міне осындай... есем бабамен араласу арқылы әйел екіқабат болады деп сенген ертедегі адамдар осыған сәйкес мотив те туғызған. Мотив, көбінесе, тотем бабаның етінен дәм тату, әйтпесе оны жалау не болмаса, оны көру түрінде болып келеді» [7,248]

Жоғарыда айтқан айдаһар, жолбарыс, қасқыр, қошқар, бура дегендердің бәрі де С.Қасқабасовтың «күшті хайуан», «сұлу аң», «ерекше жануар» дегендеріне сай келеді.

Мұның барлығы да болашақ батырдың керемет күшке ие, ерекше боларының алғышарттары. «Кең қолданылатын композициялық тәсілдердің бірі-бас қаһарманды даралап көрсету. Бұл тәсіл батырды өзгелерден оқшау, ерекше етіп көрсету үшін қолданылады. Эпостың экспозициясынан бастап-ақ болашақ қаһарманның өзгеге ұқсамайтыны байқалады. Ол дүниеге ғажайып түрде келеді, картайған ата-анасы әулиелерге түнеп, жылап-еңіреп жүріп тілеп алады. Батыр дүниеге келерде анасы қабыланның жүрегін, немесе жеті сары бас жыланның басын жеп кана тынышталады.

Жалпы алғанда батырдың ғажайып туылуы, тездетіп өсуі оны даралап, айрықша күш иесі етіп бейнелеуде аса маңызды рөл атқарады.» [10,286]

Көріп отырғанымыздай, батырдың батырлығын беру үшін оның барлық іс - әрекетіне кереметтік оқиғаларды енгізеді. Бұл жерден біз тағы классикалық эпосқа тән ерекшелікті көреміз. Бұдан кейін қаһарман кейіпкердің ерекше туылуының тағы бір көрінісіне куә боламыз. Ол анасының қатты қиналып, ұзақ толғатып босануы. Ол жарық дүниеге жай адамның келмесін білдіруге қызмет атқарып тұрады. Тіпті кейбір жырларда батырдың туылуы керемет оқиғалардың арқасында асыра суреттеледі.

«Баласы жоқтан жүдедім,  
Еркек деп біреу жүгірсе,  
Жарылып кетер жүрегім.  
Ботасы жоқтан майысып,  
Боздап жүрдім қайысып,  
Сүйінші десе бір адам,  
Тұра алмаспын тайысып...  
Ауылда тұрып нетейін,  
Адырға шығып кетейін, - дейді ол

Жақыптың бәйбішесі ауыр толғақпен босанғанда бала қан шеңгелдеп туады. Бұл халықтың ескі ұғымы бойынша жас сәбидің келешекте жауынгер, батыр, ел билейтін әкім болатындығын сездіретін белгі болып саналады» [11,165-214] Ол былайша суреттеледі: «Бөденедей бүктетіліп қалған Чыйырды бәйбіше жолбарыстың жүрек – бауырын қазанға салып, шала қайнатып, сорпасымен қоса соғып алады... Жаңа туған нәресте екі қолына толтыра қан шеңгелдеп ұстап түсті» [12,29-30] Бұл жерде «фольклордың көркемдеу заңы толық жүзеге асып, ескі мотив ел батырын мадақтау үшін жұмсалып отыр. Бұл – кәдуілгі эпос дәстүрі...» [7,250] Бұны Х.Т.Жирмунский баланың ғажайып тууының ерекше түрі деп атайды: «Иногда чудесное происхождение богатырского младенца отмечено другой чертой, которая чаще всего встречается в волшебной сказке: герой родится «по грудь в золоте, по локоть в серебре» [13,194]

Болашақ нәрестенің ерекшелігі анасының мезгілінен сәл артық уақыт көтеруімен де білдіріледі. Эпостағы жүктілік уақытысының бірдей болуы таңдандырады. Қобыландыны анасы 9 ай, 10 күн көтерсе, Құртқа мен Алпамыстың анасының да жүктілігі осы уақытқа созылады. Соңғы 10 күн дүниеге ер жүрек батырдың келетіндігінен хабар беріп тұр. Десек те, бұл шындыққа саятын сияқты, себебі қазақтарда бала белгіленген уақыттан асып туылса, дені сау, әрі ірі денелі болады деген ырым бар.

Ал «Шора батырда» Құлқаныстың жүктілігі он екі айға созылғандығы айтылады:  
Өзге әйелдей болмады,  
Көтеріп он екі ай,

Қимылдады ішінде

Туылғандай асау тай. [9,227]

Құлқаныстың жүктілігі басқа әйелдерге ұқсамайды, себебі оныңкі қалыпты жағдайдан ауытқып, он екі айдан асқан. Бұл деген одан туатын баланың да өзгелерге ұқсамасының айғағы.

Баланың дүниеге келуінің өзіне қатысты қаншама салт-дәстүр бар. Толғақ келгенде әйелдің киімінде ешқандай түйін, байламдардың болмауына ерекше мән берген. Тіпті, шашын да тарқатып тастайтын болған. Ол толғақты жеңілдетіп, баланың оңай туылуын қалаудан пайда болған ырым. Толғақ жаман аурумен бірдей саналып, әйелге жын-шайтандар мініп алады деп сенгендіктен, толғақ кезінде әйелдің жанында жын- шайтандардан аластайтын ерекше қасиетке ие адамдар болған. Бұл салт да эпостан өз орнын тапқан: бала анасының құрсағында жатып, өтінішті естиді де тезірек жарық дүние есігін ашуға талпынады. Аталмыш жағдайда Қобыланды жаудың шапқанын естіп, дүниеге келеді. Бұл оның халқының қорғаушысы болатындығының белгісі болатын.

Қазақтарда тудыру ісімен маман ретінде айналысқан адамдар болмаған. Есесіне ол әрбір жасы үлкен әйелдің қолынан келетін болған. Және өте сауатты, таза, ұқыпты жасағандықтары туралы мәліметтер де сақталған. Толғақ кезінде әйелді балалы - шағалы жас, дені сау келіншектер қоршап отыратын болған. Олар қаншалықты көп болған сайын туып жатқан әйелге соншалықты оңай, пайдалы деп есептелген. Мысалы «Қобыланды батырда» Құртқа Бөкенбайды туғанда баланы көтеріп алып, құндаққа орап салған оның айналасындағы қырық бір қыз, «Ер Сайында» Бозмұнайдың бәйбішесінің, «Шора батырда» Құлқаныстың туып жатқанда жанында болып, сүйінші сұрап жүгіріскен қатындар осының дәлелі. Жырда батырдың туылуын аңсап күткендіктің, туылған баланың күтіміне ерекше көңіл бөлгендіктің белгісі ретінде Құртқаның қасында күтуші қыздардың санын асыра молайтып «Қырық бір қыз» деп беруінің маңызы зор болып тұр.

Көшпенді тұрмыс жас босанған әйелге арнайы жағдай туғызуға мүмкіндік бермеді. Аяғы ауыр әйел ауыр жұмыстармен айналыспаса да, күнделікті күйбің тірліктен бас көтермеген. Көшпенділердің әйелдерінің далада туып қалған жағдайлары да кездесіп отырған, Көшпенді мал өсіруші табиғаттың ажырамас бөлігі болғандықтан, жыршының ұғымындағы кейіпкер қоршаған ортамен бауырласып кетуі үшін осылайша туылуы шартты болып табылады.

### Әдебиеттер:

1. Радлов В.В. Из Сибири. Страницы из дневника Пер. с нем. К.Д.Цивиной и В.Е.Чистовой Прим.и послес. С.И.Ванштейна. —М.: Наука, 1989. – 749с.
2. Чулошников А. Очерк по истории казак - киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен. - Кыргызсизтад, 1924. - Т.1. - Ч.1. - 294 с.
3. Батырлар жыры. 1 - том. – Алматы: Жазушы, 2006. – 256 б.
4. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Астана: «Фолиант», 2006.Т.33: Батырлар жыры.
5. В.М. Жирмунский. Сказание об Алпамыше и богатырская сказка. Издательство восточной литературы. Москва 1960. – 169 с.
6. Әзібаева Б.У., Қазақ эпосының сюжеттері = Сюжеты казахского эпоса: монография/ Әзібаева Б.У – Алматы: «Servise Press», 2014. – 576 б. – Қазақша, орысша.



7. Қазақ фольклорының типологиясы. Алматы: Қазақ ССР - інің «Ғылым» баспасы, 1981.- 308 б.
8. Бабалар сөзі : Жүзтомдық. Астана: «Фолиант», 2006. Т.37: Батырлар жыры. – 2006. – 554 б.
9. Қыдырәлі Саттаров ( құраст.). Рухани мұра. 3 - том Қаратаудың арқалы сері жырауы Болатбек Ердәуітұлы. Алматы: Жазушы, 2007. – 496 б.
10. Қазақ фольклорының тарихилығы. — Алматы: Ғылым, 1993. – 328 б.
11. Рахманқұл Бердібай. «Манас» және қазақ эпикалық дәстүрі// Адамзаттың Манасы. Қазақтың зерттеуші ғалымдары Манас туралы. Алматы: Рауан, 1995. - 165-214
12. Манас: ( Елдік пен ерлік эпосы ) Қырғыз тілінен ауд.М.Шаханов, Р.Отарбаев. — Алматы: Жазушы, 1995. – 264 б.
13. В.М.Жирмунский, Х.Т. Зарифов. Узбекский народный героический эпос. «Огиз » Москва, 1947

#### References:

1. Radlov V. V. From Siberia. Pages from the diary, translated from German by K. D. Tsivina and V. E. Chistova, Note and afterword by S. I. Vanstein. - М.: Nauka, 1989. - 749с.
2. Chuloshnikov A. An essay on the history of the Cossack-Kyrgyz people in connection with the common historical destinies of other Turkic peoples. - Kyrgyzstad, 1924. - Vol. 1. - part 1. - 294 P.
3. the poem of heroes. Volume 1. - Almaty: writer, 2006. - 256 p.
4. the word of the ancestors: in one hundred volumes. Astana: "Folio", 2006. vol. 33: poem of heroes.
5. V. M. Zhirmunsky. The tale of Alpamysh and the heroic tale. Publishing House of Oriental Literature. Moscow 1960– - 169 P.
6. Azibayeva B. U., plots of the Kazakh epic = Plots of the Kazakh epic: monograph/ Azibayeva B. U. - Almaty: "Servise Press", 2014. - 576 P– - Kazakh, Russian.
7. typology of Kazakh folklore. Alma - Almaty: Publishing house "Science" of the Kazakh SSR, 1981. - 308 P.
8. The word of the ancestors: Hundred-volume. Astana: "Folio", 2006. vol. 37: poem of heroes. - 2006. - 554 P.
9. Kydyrali Sattarov (comp.). Spiritual heritage. Volume 3 arkaly Karatau seri zhyrau Bolatbek Yerautovich. Almaty: Writer, 2007. - 496 P.
10. historicism of Kazakh folklore. - Almaty: nauka, 1993. - 328 P.
11. Rahmankul Berdybai. "Manas" and the Kazakh epic tradition// Mana of mankind. About Kazakh scientists-researchers of Manas. Alma-Almaty: Rauan, 1995. - 165-214
12. Manas: (epic of wanderings and exploits) Trans.from Kyrgyz. M. Shakhanov, R. Otarbayev. - Almaty: writer, 1995. - 264 P.
13. V. M. Zhirmunsky, H. T. Zarifov. Uzbek folk heroic epic. Ogiz Moscow, 1947